КОПИЯ/КӨШІРМЕ

Қазақстан Республикасының атынан
Ш Е Ш І М

2024 жылғы 29 тамыз №3115-24-00-2/1379 Тараз қаласы

Жамбыл облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:
төрағалық етуші судья Р.К.Ясарова,
сот отырысының хатшысы Н.Байболатованың қатысуымен ашық сот отырысында қойылған талап бойынша азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасының "Тараз сервис және технология колледжі" коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны

ЖАУАПКЕР:
жеке кәсіпкер Гульмира Ерсаинкызы Агатаева

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:
1.мемлекеттік сатып алуға жозықсыз қатысушы деп тану туралы
2.тұрақсыздық айыппұл өндіру туралы

СОТҚА ҚАТЫСҚАНДАР:
прокурор Ж.Елеукулова
талап қоюшының өкілі Ш.Утепбергенова
жауапкер өкілі А.Абдикеримов
аудармашы Ж.Малибекова

<u>СИПАТТАУ БӨЛІГІ:</u>

«Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасының "Тараз сервис және технология колледжі" коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнымен (бұдан әрі-мекеме, талап қоюшы) жеке кәсіпкер жеке кәсіпкер Гульмира Ерсаинкызы Агатаева (бұдан әрі- жауапкер, жеке кәсіпкер) арасында 2024 жылғы 29 сәуірде «Сыртқы және ішкі камераларды монтаждау, орнату және баптау» жұмысы бойынша (бұдан әрі-жұмыс) жалпы сомасы 607 000 теңгені құрайтын мемлекеттік сатып алу туралы №74 шарт жасалған (бұдан әрі - Шарт).

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

Шарттың 1 қосымшасына сай жұмысты орындау мерзімі шарт күшіне енген күннен бастап 15 күнтізбелік күн ішінде деп көрсетілген, яғни 2024 жылғы 15 мамырға дейін.

Алайда, аталған мерзімде жұмыс орындалмаған.

Талап қоюшы сотқа талап қою келтіріп, онда жауапкер шарт бойынша міндеттемесін орындамағанын көрсетіп, оны мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тануды және 13 961 теңге тұрақсыздық айыппұл өндіруді сұраған.

Жауапкерден талап арызға пікір түскен жоқ.

Талап қоюшының өкілі талап қоюды қолдап, оны қанағаттандыруды сұрады.

Жауапкердің өкілі талап қоюмен келісетінін көрсетті.

Прокурор талап қою толық қанағаттандыруға жатады деп қорытынды берді.

<u>УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:</u>

№1 талап бойынша

Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің (бұдан әрі-АК) 272 бабына сай, міндеттеме - міндеттеме шарттары мен заң талаптарына сәйкес тиісінше орындалуға тиіс, ал мұндай шарттар мен талаптар болмаған жағдайда - іскерлік қызмет өрісіндегі әдеттегі құқықтарға немесе әдетте қойылатын өзге де талаптарға сәйкес орындалуға тиіс.

ҚР «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының 12 бабының 4 тармағының 3 тармақшасына сай (бұдан әрі-Заң), мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімі ол, мемлекеттік сатып алу туралы өздерімен жасасқан шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған не тиісті түрде орындамаған өнім берушілердің тізбесін білдіреді.

Заңның 38 бабының 4 тармағына сай әлеуетті өнім берушінің баға ұсынысын беруі оның мемлекеттік сатып алу туралы шарт жобасында көзделген талаптарды сақтай отырып, тауарды беруді, жұмыстарды орындауды, қызметтер көрсетуді жүзеге асыруға келісім білдіру нысаны болып табылады.

Яғни, жоғарыда көрсетілген заңның талаптарына сай жауапкер өзіне жүктелген міндеттемелерді орындауға келісімін білдіре отырып, орындамаған, бұндай жағдайда ол мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылуы мүмкін.

Шарттың 11.1 тармағына сай, егер шарт талаптарының орындалмауы форс-мажорлық жағдаяттардың нәтижесі болып табылса, тараптар оның толық немесе ішінара орындалмауы үшін жауапкершілік көтермейді.

Алайда, іс құжаттарында мұндай жағдайлар көрінбейді. Жауапкер сотқа шарт талаптарының маңызды себептермен орындалмағанын дәлелдейтін құжаттар ұсынған жоқ.

Құжатқа қол қойылған: Ясарова Р. К., 05.09.2024

Заңды күшіне енген күні: 08.10.2024, судья Ясарова Р. К., 08.10.2024

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

Қазақстан Республикасының азаматтық процестік кодексінің (бұдан әрі-АПК) 72 бабының 1 бөлігіне сай әр тарап өзінің талаптарының және қарсылықтарының негізі ретінде сілтеме жасайтын мән-жайларды дәлелдеуге тиіс.

Жоғарыда көрсетілгендер негізінде талап қоюшының жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талабы қанағаттандыруға жатады.

№2 талап бойынша

Мекеме жауапкерден 13 961 теңге тұрақсыздық айыппұл өндіруді сұраған.

АК-нің 293, 298 бабтарына сәйкес борышқор міндеттемесін орындамаған немесе тиісінше орындамаған ретте, атап айтқанда, орындау мерзімін өткізіп алған ретте несие берушіге төлеуге міндетті, заңдармен немесе шартпен белгіленген ақша сомасы айып төлеу /айыппұл, өсім/ деп танылады. Міндеттемені бұзғаны үшін борышқор жауапқа тартылатын жағдай болған кезде міндеттеменің орындалмағаны немесе тиісінше орындалмағаны үшін айып өндіріп алынады.

Шарттың 8.3 тармақшасына сәйкес жұмысты орындау мерзімін өткізіп алған жағдайда, тапсырыс беруші орындаушыдан ол міндеттемелерін толық орындамаған жағдайда мерзімі өткен әрбір күн үшін шарттың жалпы сомасының 0,1 % пайыз мөлшерінде тұрақсыздық айыбын ұстайды, не міндеттемелерін тиісінше орындамаған жағдайда мерзімі өткен әрбір күн үшін орындалмаған міндеттемелер сомасының 0,1% пайыз мөлшерінде тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімпұл) ұстайды.

Талап қоюшы 2024 жылғы 15 мамырдан 06 маусым аралығына 23 күнге тұрақсыздық есебін жасаған (607 000 теңге*0,1%*23 күн=13961 теңге). Сот тұрақсыздық есебін тексеріп, оны дұрыс деп санайды.

Жоғарыда айтылғандарды ескере отырып, талап қоюшының тұрақсыздық айыппұл өндіру туралы талап қоюы қанағаттандыруға жатады.

АПК-нің 117 бабына сай жауапкерден 2 264 теңге мемлекеттік баж салығы өндірілуге жатады.

<u>ҚАРАР БӨЛІГІ:</u>

АПК-нің 223-226 баптарын басшылыққа ала отырып, сот,

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы «Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасының "Тараз сервис және технология колледжі" коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының жауапкер жеке кәсіпкер Гульмира Ерсаинкызы

Құжатқа қол қойылған: Ясарова Р. К., 05.09.2024

Заңды күшіне енген күні: 08.10.2024, судья Ясарова Р. К., 08.10.2024

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

Агатаеваны мемлекеттік сатып алуға жозықсыз қатысушы деп тану және тұрақсыздық айыппұл өндіру туралы талап қоюы қанағаттандырылсын.

Жеке кәсіпкер Гульмира Ерсаинкызы Агатаева мемлекеттік сатып алуға жозықсыз қатысушы деп танылсын.

Жеке кәсіпкер Гульмира Ерсаинкызы Агатаевадан «Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасының "Тараз сервис және технология колледжі" коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының пайдасына 13 961 (он үш мың тоғыз жүз алпыс бір) теңге тұрақсыздық айыппұл өндірілсін.

Жеке кәсіпкер Гульмира Ерсаинкызы Агатаевадан мемлекет пайдасына 2 264 (екі мың екі жүз алпыс төрт) теңге мемлекеттік баж салығы өндірілсін.

Шешімге АПК-нің 403 және 404-баптарының талаптарына сәйкес келетін апелляциялық шағым немесе прокурордың өтінішхаты шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап бір ай ішінде, ал сот талқылауына қатыспаған адамдар өздеріне шешімнің көшірмелері жіберілген күннен бастап бір ай ішінде Жамбыл облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі апелляциялық сот алқасына Жамбыл облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы берілуі мүмкін.

Шешім түпкілікті нысанда 2024 жылғы 05 қыркуйекте әзірленді.

Судья Р.К.Ясарова

Құжатқа қол қойылған: Ясарова Р. К., 05.09.2024

Заңды күшіне енген күні: 08.10.2024, судья Ясарова Р. К., 08.10.2024

3115-24-3-1/1468